

Туған халық даусы

Туған ел! Қуанам әр жеңісіңе,
Жыр жазам жарар ма деп ел ісіне.
Азамат, ақын болып арманым жоқ
Ере алсам шабысыңа, желісіңе.

Туған ел таңдап тауып ұл мен қызын,
Жүздіріп жоғарыға өз жұлдызын,
Сайлайды советіне, сертпен бекіп,
Тағы да бір тамсantlyп дүние жүзін.

Алқынды жүрек бір күй тыңдау үшін,
Тыңдадым туған халық мен дауысын,
Сайрады сансыз жүрек махаббатпен,
Сайлайды ел Сталинін—таңдаулысын.

Алға ұстап адал тілек, ар ниетін,
Сайлайды ел өз советін—үкіметін,
Алдында әр адамның тұрды бір күн
Арқалап айлар мен жыл бар міндетін.

Бетінде бюллетеннің жазылған ат —
Ардақтап атайды оны әр азамат.
Халқымның қолындағы бақыт құсы
Алғы өмір аспанына қақты қанат.

Алға алып кең даласын-дастарқанын,
Алатау ашқанда той ақсақалым,
Айтамыз алғыс сізге ұлы Сталин!
Ту етіп туған халық жақсы атағын.